

## **Ауыл шаруашылығы үшін материалдық-техникалық ресурстарды берушілерге борыштарды ішінара өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1750

Ауыл шаруашылығы ұйымдары бойынша Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, "Селхозмаш" және "Қазагрореммаш" акционерлік компанияларының, "Кең дала", "Өнім", "Трактор" (Ақтөбе қаласы) акционерлік қоғамдары және ауыл шаруашылығы химиясы ұйымдарынан алынған, оларға 1996 жылы берілген мұнай өнімдері, электр және жылу энергиясы, техника мен босалқы бөлшектер өсімдік қорғау құралдары үшін пайда болған берешектерді, сондай-ақ 1994-1996 жылдары мемлекеттік ресурстардан берілген астық қарыздарын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <\*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің  
1997.01.21. N 88 қаулысымен. P970088\_

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, "Сельхозмаш", "Қазагрореммаш" акционерлік компаниялары, "Кең дала", "Өнім", "Трактор" (Ақтөбе қаласы) акционерлік қоғамдары және ауыл шаруашылығы химиясы ұйымдары және Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының 1084 млн. (бір миллиард сексен төрт миллион) теңге мөлшерінде 1996 жылға арналған Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қоры үшін көзделген, пайдаланылмаған қаражаттардың шегінде республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешектері бар ұйымдарының арасындағы берешектерге есептеме жүргізсін. <\*>

Көрсетілген сома ауыл шаруашылығы ұйымдарының 1996 жылы алынған мұнай өнімдері, электр және жылу энергиясы, техника мен босалқы бөлшектер өсімдік қорғау құралдары үшін берешектерін, сондай-ақ мемлекеттік қорлардан берілген астық қарызы бойынша берешектерді жабудың есебіне есептелсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс пен толықтырулар енгізілді - ҚРҰ-нің  
1997.01.21. N 88 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, "Сельхозмаш", "Қазагрореммаш" акционерлік компаниялары, "Кең дала", "Өнім", "Трактор" (Ақтөбе қаласы) акционерлік қоғамдары және ауыл шаруашылығы химиясы ұйымдарымен, Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы және әкімшіліктік-аумақтық

бірліктердің әкімдері мақсатты шараларға Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорынан есепке қабылданатын қаражаттардың мөлшерін айқындау мақсатында 1997 жылдың 13 қаңтарына дейін 1996 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мұнай өнімдерін, электр және жылу энергиясын, техникалар мен босалқы бөлшектерді өсімдік қорғау құралдары беруші ұйымдарға берешектеріне, сондай-ақ беруші ұйымдардың Жер қойнауын қорғау және минералдық ресурстарды өндіру қорына төлемдер бойынша, заңды тұлғалардан табыс салығы, қосылған құн мен көрсетілген (ренталық) төлемдерге, сондай-ақ акциздер бойынша, салық бойынша берешектеріне салыстыру жүргізуді қамтамасыз етсін. <\*>

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен, "Сельхозмаш", "Қазагрореммаш" акционерлік компанияларымен, "Кең дала", "Өнім", "Трактор" (Ақтөбе қаласы) акционерлік қоғамдары және ауыл шаруашылығы химиясы ұйымдарымен және

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша салыстырудың материалдарын бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді -

ҚРҰ-нің 1997.01.21. N 88 қаулысымен.

P970088\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК